



## ~АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҚ~

Брюссель, 2012 ж. 25 маусым

### Адам құқығы мен демократия саласындағы ЕО стратегиялық шеңберлері

*Әлемде ең ірі донор болып табылатын ЕО адам құқығы мен демократияны белсенді қолдайды:*

- **Адам құқығы мен демократия саласындағы Еуропалық құрал (EIDHR)**

2007-2013 жж. 1,104 млрд. еуро жалпы бюджеті бар. Оның негізгі міндеттері – ең үлкен қатерге ұшыраған елдер мен өңірлерде адам құқығы мен адам бостандықтарын сақтау деңгейін арттыру және адам құқықтары мен демократияны жылжыту үдерісінде азаматтық қоғамның ролін нығайту.

- **Тұрақтылық құралы (IfS)**

2007-2013жж. 2,062 млрд.еуро жалпы бюджеті бар. Жаһандық қауіпсіздік саласындағы бірқатар мәселелерді шешу жұмыстарына және адам құқығы ерекше қатерге дұшар болған төтенше жағдайларда тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталған іс-әрекеттерді қаржыландыру арқылы дамытуға арналған.

- **Көршілестік пен әріптестіктің Еуропалық құралы (ENPI)**

Бұл құрал Еуропамен көршілес елдерде амандықты, тұрақтылықты және қауіпсіздікі нығайтуға бағытталған. 2007-2013 жылдарға арналған жалпы бюджеті шамамен 12 млрд. еуро құрайды. Оның үш стратегиялық міндеттерінің бірі демократияға көшуді қолдау және адам құқықтарын жылжыту болып табылады.

- **Даму саласындағы ынтымақтастық құралы**

2007-2013жж. 16,9 млрд. еуро жалпы бюджеті бар. Ол «Даму сатысындағы мемлекеттік емес субъектілер мен мемлекеттік органдар» тақырыптық бағдарламасын қамтиды, бұл бағдарлама осал және маргиналды топтардың барлық субъектілерін қосу жөніндегі жұмысты ынталандыруға бағытталған.

- **Еуропалық даму қоры (EDF)**

Африка, Кариб теңізі және Тынық мұхит су алабы елдерін дамыту салысында көмек көрсету үшін 2008-2013жж. 22,682 млрд. еуро жалпы бюджеті бар. Адам құқықтары мен демократияны қолдау стратегиясын, сондай-ақ гендерлік мәселелерді қоса бірнеше басымдықтарды қамтиды.

- **Сыртқы істер және қауіпсіздік жөніндегі жалпы саясаттың бюджеті (CFSP)**

2007-2013жж. 1,740 млрд. еуро жалпы бюджеті бар. Әсіресе заң үстемдігін нығайтуды қоса, дағдарысты басқару саласындағы қызметтің кең спектрін қамтиды. ЕО-да қазіргі уақытта Босния мен Герцеговинадан Ауғаныстанға дейін бүкіл дүниежүзі бойынша он азаматтық миссиясы бар.

*Адам құқықтары мен демократияны қолдау үшін ЕО-да практикалық тәсілдердің тұтас жиынтығы бар:*

- **Саяси нұсқаулар:**

ЕО Кеңесі мынадай тақырыптарды бір ауыздан мақұлдады:

- Өлім жазасы;
- Азаптау және басқа адамгершілікке жатпайтын немесе адамның абыройын төмендететін ұстау немесе жаза;
- Адам құқықтары жөніндегі диалогтар;
- Балалар және қарулы шиеленістер (СААС);
- Құқық қорғаушылар;
- Бала құқықтарын жылжыту және қорғау;
- Әйелдер мен қыз балаларға қарсы зорлық-зомбылық және оларға қарсы барлық кемсітушілік түрлерімен күрес;
- Халықаралық адамгершілік құқықтың сақталуын жылжыту.

ЕО Іс-әрекеттер жоспарына сәйкес мынадай бағыттар бойынша жұмыс басталуы тиіс:

Дін және дін ұстану еркіндігі, лесбиянкалардың, гейлердің, бисексуалдардың және транссексуалдардың (ЛГБТ) құқықтары, білдіру еркіндігі.

- **ЕО Өкілдіктерінде адам құқықтары бойынша байланыс жасайтын тұлғалар**

Адам құқықтары бойынша байланыс жасайтын адамдардың желісі толық құрылды: мұндай тұлға 116 Өкілдікте бар, көптеген Өкілдіктерде, саяси мәселелер жөніндегі бөлімде сияқты, сондай-ақ ынтымақтастық бөлімінде –екеу бар.

- **ЕО келісімдерінде адам құқықтары туралы ереже**

ЕО мұндай ережені Ассоциациялар туралы келісім және Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім сияқты үшінші елдермен өзінің барлық саяси негізгі келісімдеріне қосуға тырысады. Бұл ереже адам құқығы келісімнің қажетті элементі болып табылуын көздейді.

- **Адам құқықтары жөніндегі диалогтар мен консультациялар**

ЕО бүкіл әлемдегі шамамен 40 елде (1995 жылы басталған ең ұзақтары Қытаймен жүргізіледі) адам құқықтары жөнінде әдейі арналған талқылаулар жүргізеді. Олардың негізгі мақсаты – жерлердегі жағдайды жақсарту, сонымен қатар жергілікті жағдайдайларды жақсырақ түсіну болып табылады. Әрине адам құқықтарының мәселелері Саммитке дейін басқа саяси диалогог нысандарының шеңберінде көтеріледі.

- **Декларациялар және демарштар**

ЕО өзінің алаңдаушылығын білдіру немесе жағдайлардың оң дамуын құптау үшін көпшілік алдындағы декларацияларды кеңінен қолданады. Тиімдірек болып саналатын басқа жағдайларда ЕО «демарштар» жасауды немесе ЕО-ға кірмейтін елдер үшін жеке көріністер өткізуді жөн көреді.

- **Жалпы қауіпсіздік пен қорғаныс саясаты шеңберіндегі миссиялар мен операциялар (CSDP)**

Тиімді және тұрақты нәтижелерді қамтамасыз ету мақсатында ЕО адам құқықтары мен гендерлік тәсілдерді дағдарыстарды басқару жөніндегі өзінің миссиялары мен операцияларына енгізеді.

- **Сайлауларды қадағалау жөніндегі миссиялар**

1993 жылдан бастап ЕО 110-нан артық қадағалау миссиясын жүзеге асырды. Олардың мақсаты әріптес-елдерге сайлау үдерісін талдау және сайлауға күні бұрын кесіп-пішілмеген және ақпараттандырылған баға беру арқылы жоғары стандарттарға жауап беретін сайлаулар өткізуге көмектесу болып табылады.

- **Сайлау саласындағы сарапшылар миссиясы**

ЕО бүкіл дүниежүзі бойынша өткізілетін сайлаулар санын назарға ала отырып, сайлауларды қадағалау үшін миссияларды ұйымдастыруға барлық сұраныстарды қанағаттандыра алмайды. Сайлау саласындағы сарапшылар миссиясы – сайлау үдерісі барысында сияқты, сондай-ақ одан кейін сенімді нығайту жөнінде қадамдар жасау үшін қорлар ұсыну жөніндегі баламалы тәсіл.

- **Электоралды жәрдем**

Мұндай жәрдем нақты сайлау барысында емес, ал барлық электоралды цикл кезінде көрсетіледі. Сайланбалы басқарушы органдардың институционалдық әлеуетін өсіру, электоралдық процестер барысында техникалық және материалдық көмек көрсету үшін, сондай-ақ азаматтық қоғамның ұзақ мерзімді қажеттіліктерін ескере отырып, қолдау беріледі.

- **Демократияға арналған Еуропалық қор**

Бұл қор жақын болашақта Бельгия заңнамасы бойынша Брюссельдегі штаб-пәтерімен жеке қор ретінде құрылады. Ол Еуропалық аспап болып табылмайды, ЕО және оған мүше-мемлекеттердің қолдауымен, бірақ тәуелсіз әрекет етеді. Оның мақсаты, демократияны қолдайтын белсенділер Еуропадан қаржылық қолдауды жеңіл және жылдам алуда.

- **ЕО адам құқықтары мен әлемдегі демократия туралы жыл сайынғы есебі**

1999 жылы алғашқы рет жарияланған, екі жақты және көп жақты қатынастар шеңберіндегі тақырыптық мәселелердің кең спектрі жөнінде ЕО жүргізетін жұмыстың каталогы болып табылады. 2011 жылғы есеп 2012 жылдың 25 маусымында адам құқықтары жөніндегі құжаттар пакетімен бір уақытта қабылдануы тиіс. Онда осы тақырып жөнінде толығырақ ақпарат бар.